- КР өзге де нормативтік құқықтық актілерімен, Кордың ішкі құжаттарымен және Кордың органдары мен лауазымды тұлғаларының өз құзыреті шегінде белгіленген тәртіппен қабылданған шешімдерімен.

Кор қызметінің мақсаты Кор активтері есебінен медициналық қызметтерді тұтынушыларға медициналық көмек көрсету жөніндегі құқықтық, экономикалық және ұйымдастыру шараларының кешенін қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік мақсаттарға кол жеткізу болып табылады.

Кор мемлекеттік монополияға жататын мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1. Міндепті әлеуметтік медициналық сактандыру шеңберінде түсетін қаржы қаражатын шоғырландыру;
2. Міндепті медициналық сактандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша қызметтер көрсететін денсаулық сактау субъектілері арасында қаржы қаражатын бөлу.

Кор Мемлекеттік монополиямен технологиялық байланысты қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1. ~~Міндепті медициналық сактандыру шеңберінде медициналық қызметтерді тұтынушылардың есебін жүргізу;~~
2. Міндепті әлеуметтік медициналық сактандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуді жүзеге асыратын денсаулық сактау субъектілерінің есебін жүргізу;
3. ~~Міндепті әлеуметтік медициналық сактандыру жүйесінің акпараттық жүйесі мен электронлық акпараттық ресурстарын құру және дамыту.~~

Кор төмендегі функцияларды жүзеге асырады:

1. Міндепті медициналық сактандыру жүйесінде медициналық қызметтерді және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін сатып алу шартында көзделген көлемде және шарттарда медициналық көмек көрсететін денсаулық сактау субъектілерінің қызметтерін сатып алуды және оған акы төлеуді жүзеге асыру;
2. Денсаулық сактау субъектілерінің міндепті медициналық сактандыру және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі жүйесінде медициналық қызметтерді тұтынушыларға көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен көлемі бойынша шарттық міндептемелерді орындау мониторингі;



## **«ЭЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ» КЕАҚ**

**2022 жылғы 31 желтоксанда аяқталған жыл үшін каржылық есептілікке ескертпелер (мын тенге).**

3. Міндettі медициналық сактандыру және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі жүйесінде медициналық көмек көрсету мәселелері бойынша азаматтар мен заңды тұлғалардың етінштері мен шағымдарын карау.

Қор өз қызметін Қордың түскен активтерінен алынатын комиссиялық сыйакы есебінен жүзеге асырады. Комиссиялық сыйакының пайыздық ставкасының шекті шамасын жыл сайын ҚР Үкіметі белгілейді. Бұдан басқа, Қор жеке республикалық бюджеттік бағдарлама есебінен мемлекеттік тапсырманы орындау шенберінде ТМККК каржыландыруды камтамасыз ету бойынша қызметтер көрсетеді.

«Міндettі элеуметтік медициналық сактандыру» туралы ҚР Заңына сәйкес аударымдар, жарналар, аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеу мерзімін өткізіп алғаны үшін алынған өсімпүл, инвестициялық кіріс және Қордың қызметін камтамасыз етуге арналған комиссиялық сыйакыны шегергенде, корға түсетін ҚР заңнамасында көзделген өзге де түсімдер кордың активтері болып табылады.

Мемлекеттік тапсырманы орындағаны үшін ҚР Денсаулық сактау министрлігі республикалық бюджеттік бағдарлама бойынша бөлөтін каражат ТМККК шенберінде медициналық қызметтерге акы төлеуге байланысты Қордың қызметін каржыландыру кезі болып табылады.

«Міндettі элеуметтік медициналық сактандыру» туралы ҚР Заңының ережелеріне сүйене 2020 жылы отырып, Қордың функциялары МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге Денсаулық сактау субъектілерінің қызметтерін сатып алу және оларды төлеу жөніндегі операциялармен Міндettі элеуметтік медициналық сактандыру (бұдан әрі – МӘМС) жүйесін әкімшілендір бөлігінде толықтырылды.

### **Қордың қызметін бакылау**

Қордың құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті болып табылады. Қор акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын ҚР Денсаулық сактау министрлігі (ҚРДСМ) жүзеге асырады.

#### *Меншік иесі*

2022 жылғы 31 желтоксандагы және 2021 жылғы 31 желтоксандагы жағдай бойынша Қордың жалғыз акционері:

Акция ұстаушылардың аты-жөні	Акционерге тиесілі акциялардың саны	Акционерге тиесілі акциялардың дауыс беретін акциялардың жалпы санына пайыздық арақатынасы
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ ЗТ	Жай акциялар KZ1C60360019, 106,050 дана	100 %

2022 жылғы 31 желтоксандагы және 2021 жылғы 31 желтоксандагы жағдай бойынша Қордың акционерлік капиталы 106,050 мың тенгени құрады. 106,050 дана жай акциялар жарияланды және орналастырылды (номиналды құны бір данаға 1,000 тенге).

2022 жылғы 31 желтоксандагы және 2021 жылғы 31 желтоксандагы жағдай бойынша Қордың жарғылық капиталы толығымен қалыптастырылды және төленді.

Жарияланған, шығарылған және орналастырылған жай акциялардың саны 106,050 дана. Акцияның басқа түрлері жок.

~~2022 жылғы 31 желтоксандагы жағдай бойынша қор қызметкерлерінің жалпы нақты саны 867 адамды құрады (2021 жылғы 31 желтоксанға: 826 адам).~~

## **2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗДЕРІ**

### **2.1 Сәйкестік туралы есеп**

Осы каржылық есептілік халықаралық каржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – ХКЕС) сәйкес Халықаралық каржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес бекіткен редакцияда "жария мүдделі үйімдар (каржы үйімдарынан басқа) жариялау үшін жылдық каржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарын бекіту туралы" ҚР Қаржы министрлігі 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығы (бұдан әрі – ҚР Қаржы министрлігі 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығы) негізінде дайындалды.



2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ұсынылған қаржылық есептілік 2021 жылы 26 мамырда Қор басшылығымен бекітілді.

## 2.2 Үздіксіз қызмет қагидаты

Қаржылық есептілік Қордың жұмыс істейтіндігін және жақын болашакта жұмыс істейтіндігін ескере отырып дайындалған. Осылайша, қор жиналмайды және оны жою немесе өз қызметінің ауқымын едәүр қыскарту қажет емес деп болжанады.

Қаржылық есептілікте, егер Қор өз қызметін Қызметтің үздіксіздігі қагидаты негізінде жалғастыра алмаған жағдайда қажетті түзетулер болмайды.

## 2.3 Есептеу қагидаты

Бұл қаржылық есептеу қагидаты негізінде дайындалған. Есептеу қагидаты төлем уакытына карамастан, жасалу факті бойынша мәлімелер мен басқа оқиғалардың нәтижелерін мойындау арқылы камтамасыз етіледі. Операциялар мен оқиғалар бухгалтерлік есепте көрсетіледі және олар пайда болған қатысты кезеңдердің қаржылық есептілігіне енгізіледі.

## 2.4 Функционалдық валюта және қаржылық есептілікті ұсыну валютасы

ҚР ұлттық валютасы теңге болып табылады. Тенге кордың функционалдық валютасы болып табылады, өйткені корда болып жатқан оқиғалар мен жағдайлардың экономикалық мәнін көрсетеді. Теңге осы қаржылық есептілікті ұсыну валютасы болып табылады.

Егер баскасы белгіленген болмаса, теңгеде ұсынылған барлық қаржылық акпарат мың теңгеге дейін дөнгелектелген.

Шетел валюталарында көрсетілген қаржылық есептілік баптарын кайта есептеу үшін, сондай-ақ бухгалтерлік есепте валюталық операцияларды көрсету максатында Қор Қазақстан Республикасында белгіленген валюта айырбастаудың ресми бағамын пайдаланады.

## 2.5 Елеулі бағалаулар мен жорамалдар

Қаржылық есептілікті дайындау басшылықтың есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелер сомасына қатысты бағалау мен жол берулерді дайындауды және қаржылық есептілікті жасау қуніне шартты активтер мен міндеттемелер және есептілікті көрсетілген есепті кезеңдегі пайда мен шығындар сомалары туралы акпаратты ашуды көздейді. Бағалаулар мен жол берулерге қатысты белгісіздік болашакта оларға қатысты осындай жол берулер мен бағалаулар жасалатын активтің немесе міндеттеменің ағымдағы құнына елеулі түзетулерді талап етуі мүмкін нәтижелерге әкелуі мүмкін. Ең маңызды бағалар төменде көлтірілген:

### Салық салу

Қазақстанның түрлі заңнамалық актілері мен нормалары әрдайым анық жазыла бермейді. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасында пікір алшактығы орын алуы мүмкін. Бұл ретте, салық органдары қосымша салықтарды қосымша есептеген жағдайда, колданыстағы айыппұлдар мен өсімпұлдар мөлшері айтарлықтай мөлшерде белгіленген. Нәтижесінде айыппұлдар мен өсімпұлдар кося есептелген салық сомасынан асып кетуі мүмкін. Жоғарыда көрсетілген белгісіздікке байланысты салықтардың, айыппул санкцияларының және өсімпұлдардың әлеуетті сомасы, егер мұндай қосымша есептеулер туындаса, осы уақыт бойынша шығыстарға жатқызылған және есепті құнға жағдай бойынша есептелген сомадан асып кетуі мүмкін. Бағалар мен накты төленген сомалар арасындағы айырмашылыктар, егер олар туындаса, болашак операциялық нәтижелерге айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

### ТМККБК

Қор ҚР заңнамасына сәйкес денсаулық сактау үйімдарына ТМККБК бойынша қызметтерді төлеуге мемлекеттік бюджеттен трансфертер алады. Белгіленген максатты, иеліктен шығару мүмкіндігінің жоқтығын, осы трансфертерге мемлекет тараپынан толық бакылаудың болуын ескере отырып, Қор бұл қаражатты өз қаражатының бір белгілі ретінде қарастырмайды (4-ескертпелер).

## 2.6 Ұсыну реті

Қаржылық есептілікте балтарды ұсыну және жіктеу бір кезеңнен келесіге дейін сакталады. Қаржылық есептілікті ұсынуды елеулі түрде қайта карау қаржылық есептілікті ұсынуға өзгерістер енгізу қажеттілігін болжауы мүмкін. Қор табыс етілген қаржылық есептілікке, егер табыс етудің өзгерілген нысаны қаржылық есептілікті пайдаланушылар үшін сенімді және неғұрлым маңызды акпарат берген және кайта қаралған құрылым сакталуы ықтимал және акпараттың салыстырмалығы зардап шекпеген жағдайдаған өзгерістер енгізеді.



## 2.7 Өзара есеп

Қор кандай да бір стандарт рұқсат еткен немесе талап еткен жағдайларды қоспағанда, активтер мен міндеттемелерді, кірістер мен шығыстарды өзара есепке алуды жүргізбейді.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

2022 жылға арналған қаржылық есептілікті дайындау кезінде Қор ХКЕС өзгерістерінің әсерін қоспағанда, активтердің, міндеттемелердің және меншікті капиталдың барлық түрлеріне төменде көрсетілген Есеп саясатының ережелерін дәйекті түрде колданды (3.1-ескертпе).

### 3.1 Есеп саясатындағы және акпаратты ашу қағидаттарындағы өзгерістер

2022 жылғы 1 кантардан бастап немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезендер үшін күшіне енген жана стандарттардың, стандарттарга түзетулер мен түсіндірулердің арасында Қордың есеп саясатына не қаржылық есептілікте акпарат ұсынуға немесе операциялар мен қалдықтарды бағалауға ықпал ететіндері жок.

Қор шығарылған стандарттарды, түсіндірулер мен түзетулерді мерзімінен бұрын колданбаған, бірак 2022 жылғы 1 кантарға дейін күшіне енбеген. Қазіргі уақытта Қор осы стандарттардың, түзетулер мен интерпретациялардың оның қаржылық жағдайы мен қаржылық есептілігіне әсерін бағалайды.

### 3.2 Негізгі құрал-жабдықтар

Бастапқыда танылғаннан кейін негізгі құрал жабдықтар мен аяқталмаған құрылыш құнсызданудан жиналған амортизация мен жиналған шығындарды шегергенде, өзіндік күны бойынша көрсетіледі.

Негізгі қуралдардың бастапкы күны сатып алу құнын, оның ішінде импорттық баждар мен өтелмейтін салықтарды, егер тану шарттарын қанағаттандыратын болса, ұзак мерзімді жобалардың құрылышына тікелей жататын карыздар бойынша шығындарды, сондай-ақ активті жұмыс жағдайына келтіруге және оны нысаналы пайдалану орнына жеткізуға байланысты кез келген тікелей шығындарды камтиды.

Өзіндік күны бойынша есепке алынатын негізгі қуралдардың амортизациясы төменде көрсетілгендей пайдалы қызметтің есептік мерзімі ішінде тік сзыбыты әдіс негізінде есептеледі:

#### Негізгі қуралдардың санаты

Компьютерлер және кенсе жабдықтары  
Көлік қуралдары  
Баска

#### Пайдалы пайдалану мерзімі

3-10 жыл  
7-10 жыл  
7-15 жыл

Активтің тарату күны активтің жасы мен оның техникалық жай-күйі оның пайдалану мерзімінің соңында күтілгенге сәйкес келеді деген болжамға сүйене отырып, сатуға арналған есептік шығындарды шегере отырып, Қор казіргі кезде активті сатудан алуы мүмкін күтілетін соманы білдіреді. Егер қор объектіні оның накты қызмет ету мерзімі аяқталғанға дейін пайдалануды көздесе, активтің тарату күны нөлге теңестіріледі.

Амортизация әдістері, пайдаланудың күтілетін мерзімдері және негізгі қуралдардың жою күны талданады және қажет болған жағдайда әрбір есептің күнге түзетіледі.

Өзіндік күны бойынша есепке алынатын негізгі қуралдарды сату немесе шыгару кезінде олардың күны мен жинақталған тозу тиісті шоттардан элиминирленеді, ал олардың шығуы нәтижесінде туындайтын кез келген кіріс немесе шығын кезеңінде пайдасты мен шығындарына енгізіледі.

Негізгі қуралдарды пайдалануга бергеннен кейінгі шығындар, мысалы, жөндеу және техникалық қызмет көрсету шығындары, осы шығындар туындаған кезең ішінде шыгарылады. Негізгі қуралдарды пайдалануга бергеннен кейінгі шығындар, мысалы, жөндеу және техникалық қызмет көрсету шығындары, осы шығындар туындаған кезең ішінде шыгарылады.

### 3.3 Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жинақталған шығындарды шегере отырып бастапкы күны бойынша көрсетіледі. Бөлек сатып алынған материалдық емес активтің өзіндік күнінә оның сатып алу бағасы (жеткізушилер берген жеңілдіктерді шегергенде), оның ішінде импорттық баждарды және оны сатып алуға байланысты басқа кайтарылмайтын салықтарды және активті мақсатты пайдалануға дайындауға тікелей байланысты кез келген басқа шығындар кіреді.



## «ЭЛЕУМЕТТИК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ» КЕАҚ

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер (мын тенге).

Материалдық емес активтердің амортизациясы актив пайдалануға дайын болған кезде басталады және пайдалы қызмет мерзімі ішінде төменде көрсетілгендей сыйыктық әдіспен есептеледі:

### Материалдық емес активтердің санаты

Лицензиялар және бағдарламалық қамтамасыз ету

Баска

### Пайдалы пайдалану мерзімі

2-7 жыл

2-7 жыл

Пайдалы қызметтің болжамды мерзімдері, тарату құны және амортизацияны есептеу әдісі әрбір есепті жылдың сонында талданады және қажет болған жағдайда түзетіледі.

### 3.4 Қаржылық емес ұзак мерзімді активтердің құнсыздануы

Қор әрбір есепті қүнге негізгі қуралдардың, материалдық емес активтердің және баска да ұзак мерзімді активтердің (бұдан әрі – "ұзак мерзімді активтер") баланстық құнының құнсыздану индикаторларының болуына тексеру жүргізеді. Мұндай белгілер анықталған жағдайда құнсызданудан болған шығын мөлшерін анықтау максатында тиісті ұзак мерзімді активтің өтелетін құны есептеледі (егер ондай бар болса). Өтелетін құн екі мәннің ең үлкені ретінде анықталады: сату құны мен пайдалану құнын шегергендеғі активтің әділ құны. Пайдалану құндылығын бағалау кезінде ақшалай қаражаттардың күтілетін болашақ ағындары салықта дейінгі дисконттау мөлшерлемесін колдана отырып, олардың ағымдағы құнына дейін дисконтталауды, бұл басшылықтың пікірі бойынша ақшаның уақыттық нарыктық бағасын және активке тән тәуекелдерді көрсетеді.

Егер активтің өтелетін құны оның қаржылық жағдай туралы есептік құнынан аз болса, онда активтің баланстық құны өтелетін құнға дейін азаяды. Құнсызданудан болған шығындар пайдала немесе шығында дереу танылады. Құнсызданудан болған шығынды қалпына келтіру пайда мен шығындарда бірден көрсетіледі.

### 3.5 Жалдау

Келісім-шартты жасау кезінде Қор шарттың жалдау болып табылатынын немесе жалдау белгілерінің бар-жоғын бағалайды, яғни, Қор өтесу орнына белгілі бір уақыт кезеңі ішінде анықталған активтің пайдаланылуын бақылау құқығын келісім-шарттың беретін-бермейтінін аныктайды.

#### Жалға алушы ретінде Қор

Қор қыска мерзімді жалдауды танудан босатуды өзінің қыска мерзімді жалдауларына (яғни, жалға алу мерзімі басталу құні 12 ай немесе одан аз және базалық активті сатып алу мүмкіндігі жок) колданады. Қор сондай-ақ құны тәмен активтерді жалға беруді танудан босатуды құны тәмен деп саналатын жалдауларға колданады. Қыска мерзімді жалдау және құны тәмен активтерді жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімі ішінде біркелкі әдіс бойынша шығыс ретінде танылады.

### 3.6 Қаржы құралдары

Қор қаржылық активтер мен міндеттемелерді, егер ол құралдың келісімшарттық ережелеріне кіретін болса гана, қаржылық жағдай туралы есепте таниды. Қаржылық активтер мен міндеттемелер операция жасалған күні танылады.

#### Қаржылық активтер

Сауда дебиторлық берешекті және комиссиялық сыйакы бойынша қаржыландырудың Елеулі қурауышын камтамайтын немесе оған қатысты практикалық сипаттағы оңайлату колданылған берешекті қоспағанда, Қор бастапқыда мәміле бойынша шығындар сомасына пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтері жағдайында ұлттайылған әділ құн бойынша қаржы активтерін бағалайды. Саудалық дебиторлық берешек және комиссиялық сыйакы бойынша берешек, онда қаржыландырудың елеулі компоненті жок немесе оған қатысты Қор практикалық сипаттағы жөнілдетуді қолданған. XKEC (IFRS) 15 сәйкес айқындалған мәміле бағасы бойынша бағаланады.

XKEC (IFRS) 9 сәйкес, Компания қаржы активтерін әділ құн бойынша бастапқыда қаржы активтерін пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланбаған жағдайда, мәміле бойынша шығындар мөлшерінде көбейтеді. XKEC (IFRS) 9 сәйкес, борыштық қаржы құралдары кейіннен амортизацияланған құны бойынша немесе пайда немесе шығығ арқылы әділ құны бойынша бағаланатын (ССЧПУ) немесе басқа жиынтық кіріс (ССЧПСД) арқылы әділ құны бойынша бағаланады. Жіктеу екі өлшемге байланысты болады: қаржы активтерін баскару үшін Қоғам колданатын бизнес үлгісі және қаржы құралдарына арналған шарттық ақшалай қаражаттар ағыны «борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігі бойынша борыш пен сыйакының негізгі сомасына ғана төлейді». Қаржыландырудың елеулі қурауышы жок немесе оған қатысты



компания практикалық сипаттағы оңайлатуды колданған сауда дебиторлық берешек 15 ХҚЕС (IFRS) сәйкес айқындалған мәміле бағасы бойынша бағаланады.

Қарыздық құралдар қаржы активтері негізгі соманың негізгі бөлігі мен өтелмеген бөлігі бойынша пайыздар болып табылатын келісімшарттық ақшалай қаражат ағындарын алу үшін қаржы активтерін ұстап калуға бағытталған бизнес-ұлғі бойынша ұсталса, амортизацияланған құны бойынша бағаланады. Компания осы санатқа ақша қаражатын, басқа да дебиторлық берешекті қосады.

Корда ССЧПУ және ССЧПСД бойынша есепке алынатын қаржы активтері жок.

#### ***Қаржы құралдарының амортизацияланған құны***

Амортизацияланған құн құнсыздануға арналған резервті шегергенде пайыздың тиімді ставкасының әдісін ескере отырып есептеледі. Есептеу сатып алу кезінде пайда болған сыйлықалар мен дисконты, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын мәміле бойынша шығыстар мен сыйакыны қамтиды.

#### ***Қаржы активтерінің құнсыздануы***

ХҚЕС (IFRS) 9 Қордың пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резервін көрсетуді талап етеді. Күтілетін кредиттік шығындар Шартқа сәйкес тиесілі ақша ағындары мен бастапқы тиімді пайыздық ставканы немесе оның шамамен алынған мәнін пайдалана отырып дисконтталған Қор аудуды күтілетін барлық ақша ағындары арасындағы айырма негізінде есептеледі. Күтілетін ақша ағындары ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын кредиттік сапанды арттырудын басқа да тетіктеринен түсетін ақша ағындарын қамтиды.

Күтілетін кредиттік шығындар екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекел айтартылған қаржы құралдары жағдайында келесі 12 ай ішінде болуы мүмкін дефолттар салдарынан туындауы мүмкін кредиттік шығындарға катысты шығындарға бағалау резерві құрылады (12 айлық күтілетін несиелік шығындар). Бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекел елеулі үлгайған қаржы құралдары үшін дефолттың басталу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындар) осы қаржы құралының қалған колданылу мерзімі ішінде күтілетін несиелік шығындарға катысты шығындарға бағалау резерві жасалады.

Сауда дебиторлық берешекке және комиссиялық сыйакы бойынша берешекке катысты Қор күтілетін кредиттік шығындарды есептеу кезінде оңайлатылған тәсілді қолданады. Демек, Қор кредиттік тәуекелдің өзгеруін кадағаламайды, оның орнына әрбір есепті құні бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындарға тен сомада шығындарға арналған бағалау резервін таниды. Қор карызы алушыларға тән болжамды факторларды және жалпы экономикалық жағдайларды ескере отырып түзетілген несиелік шығындардың пайда болуының бүрінгі тәжірибесіне сүйене отырып, бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланады.

#### ***Қаржылық міндеттемелер***

Қор 9 ХҚЕС (IFRS) әрекет ету саласындағы өзінің қаржылық міндеттемелерін былайша жіктейді:

- пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер;
- карыздар және кредиторлық берешек.

Кордың қаржылық міндеттемелері карыздар мен кредиторлық берешек санатына жататын сауда кредиторлық берешекпен және кепілдік бойынша міндеттемелермен берілген.

Қарыздар мен кредиторлық берешек бастапқы танылғаннан кейін пайыздың тиімді мөлшерлеме әдісі **бойынша амортизацияланған құны бойынша ескеріледі**.

Кірістер мен шығыстар міндеттемелерді тану токтатылса немесе олардың құнсыздануы танылса, сондай-ақ амортизация процесінде пайда немесе шығында танылады.

#### ***Қаржылық активтер мен міндеттемелерді тануды тоқтату***

Қаржылық актив танылуы тоқтатылады, егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқыктарының колданылу мерзімі аяқталды;
- Қор активтен ақша ағындарын алу құқығын сактайты, бірақ үшінші тарапқа оларды елеулі кілдіріссіз толық беруге міндеттеме алды;
- Қор активтен ақша ағындарын алуға өз құқыктарын берді, не активтен барлық елеулі тәуекелдер мен сыйакыларды берді, не бермеді, бірақ активтен барлық елеулі тәуекелдер мен сыйакыларды өзінде сактамады, бірақ осы активке бакылауды берді.

Қаржылық міндеттеменің танылуы, егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады.



## **«ӘЛЕУМЕТТИК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ» КЕАҚ**

**2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер (мын тенге).**

Егер колда бар қаржылық міндеттеме сол кредитордың алдындағы басқа міндеттемемен, өзге шарттармен ауыстырылса немесе егер колда бар міндеттеменің шарттары едәуір өзгерсе, мұндай ауыстыру немесе өзгерістер бастапқы міндеттемені тануды токтату және жана міндеттемені тануды бастау ретінде ескеріледі. Баланстық құндағы айырмашылық пайда мен шығындарда танылады.

### **Aқша қаражаты**

Ақша қаражаты мен олардың баламалары Қордың банктік және казынашылық шоттарындағы қаражатты, сондай-ак бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын мерзімді банк салымдарын білдіреді. Ақша қаражатының козгалысы туралы есепті ұсыну максаттары үшін ақша қаражаты және олардың баламалары жоғарыда айқындалған компоненттерден тұрады. Банк шоттарындағы ақша белгілі бір ақша қаражатына оңай айырбасталатын және құн өзгеруінің болмашы тәуекеліне ұшыраған қысқа мерзімді инвестицияларды қамтиды.

### **Активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу**

Қордың қаржылық активтері мен міндеттемелері өзара есепке алынады және егер бұл үшін таралтардың өзара есепке алу жолымен берешекті реттеу немесе активті сату және міндеттемені бір мезгілде орындау ниеттері болған жағдайда, нетто-негізде қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі.

#### **3.7 Әділ құны бойынша бағалау**

Әділ құны бойынша бағаланатын немесе әділ құны қаржылық есептілікте ашылуы тиіс қаржы құралдары мен қаржылық емес активтер туралы акпаратты ашу 24-ескертпеде ұсынылған.

Әділ құн бағалау құніне нарық катысуышылары арасындағы әдetteгі операция шенберінде активті сатканы үшін алынатын немесе міндеттемені бергені үшін төленетін баға болып табылады. Әділ құн бойынша бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша операциялар жүргізіледі деп болжайды:

- не осы актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарыкта;
- немесе, негізгі нарык болмаған кезде, актив немесе міндеттеме үшін ең тиімді нарыкта.

Қордың негізгі немесе негұрлым тиімді нарыкка қол жеткізу тиіс.

Активтің немесе міндеттемелердің әділ құны активтің немесе міндеттеменің бағасын айқындау кезінде нарыкка катысуышылар пайдаланатын жорамалдарды пайдалана отырып бағаланады, бұл ретте нарыкка катысуышылар өздерінің ең жаксы мұddeлерінде әрекет етеді деп болжанады.

Қаржылық емес активтің әділ құнының бағалау нарыкка катысуышының экономикалық пайданы генерациялау мүмкіндігін не активті ең жаксы және ең тиімді түрде пайдалану арқылы не оны осы активті ең жаксы және ең тиімді түрде пайдаланатын басқа нарык катысуышына сату нәтижесінде ескереді.

Бұл ретте орынды бакыланатын бастапқы деректерді барынша пайдалана отырып және қадағаланбайтын бастапқы деректерді барынша колдана отырып, Қор қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылатын және әділ құн бойынша бағалау үшін жеткілікті деректер қол жетімді болатын бағалау үлгілерін пайдаланады.

Әділ құны бойынша қаржылық есептілікте бағаланатын немесе әділ құны қаржылық есептілікте ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер әділ құны бойынша тұтастай, бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер негізінде әділ құн көздерінің төменде сипатталған иерархиясы шенберінде жіктеледі:

- 1-денгей: бірдей активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарыкка арналған бағалар (ешкандай да тузытулерсіз);
- 2-денгей: барлық шығыс деректері көрсетілетін әділ құнына айтарлықтай эсер ететін басқа да әдістер нарыкта тікелей немесе жанама байкалды;
- 3-денгей: бакыланатын нарыктық акпаратқа негізделмейтін әділ құнды көрсетуге біршама эсер ететін бастапқы деректерде колданылатын әдістер.

**Мерзімдік негізде қаржылық есептілікте кайта бағаланатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Қор әрбір есепті кезеңнің сонына жіктеуді кайта талдай отырып (тұтастай әділ құны бойынша бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер негізінде) иерархия көздерінің деңгейлері арасында оларды аудару қажеттілігін айқындауды.**

Әділ құн туралы акпаратты ашу максаттары үшін Қор оларға тән сипаттамалар мен тәуекелдердің сипатын, сондай-ак жоғарыда көрсетілгендей әділ құн көздерінің сатысындағы колданылатын деңгей негізінде активтер мен міндеттемелерді жіктеді.



### **3.8 Шетел валютасын қайта есептеу**

Мәміленің қаржылық есептілігін функционалдықтан (шетел валютасында) ерекшеленетін валютада дайындау кезінде есепті күнгі бағам бойынша көрсетіледі. Шетел валюталарында көрсетілген ақшалай баптары қаржылық есептілікті жасау күнгі тиісті валюталық бағам бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасында есепке алынатын және әділ құны бойынша бағаланатын ақшалай емес баптар әділ құнды айындау құні колданыста болған айырбастау бағамдары бойынша қайта есептеуге жатады. Шетел валютасында көрсетілген тарихи құны бойынша көрсетілген ақшалай емес баптар қайта есептелмейді. Валюта бағамдарының өзгеруі нәтижесінде пайда болатын ақша баптары бойынша бағамдық айырмалар пайда болған кезеңде пайда мен шығында көрсетіледі.

### **3.9 Қорлар**

Тауарлық-материалдық қорлар орташа өлшенген құн әдісі бойынша есепке алынады.

Кор тауарлық-материалдық қорларды өзіндік құнның ең аз және сатудың ықтимал таза құны бойынша бағалайды.

Тауар-материалдық қорлардың өзіндік құны сатып алуға арналған барлық накты шығындарды және тауар-материалдық қорларды олардың ағымдағы жай-күйіне және олардың ағымдағы орналаскан орнына жеткізу максатында жүргізілген өзге де шығындарды камтиды.

### **3.10 Қордың активтері**

Міндетті әлеуметтік медициналық сактандыру бойынша жинақталған аударымдар мен жарналарды, міндетті әлеуметтік медициналық сактандыру бойынша аударымдарды және жарналарды уақтылы аударғаны үшін өсімпүлдарды камтитын Қордың активтері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің) сенімгерлік басқаруына берілді. «Ұлттық Банк») Қордың активтерін сенімгерлік басқару шартына (бұдан әрі – Шарт) сәйкес жүзеге асырады. Келісімге сәйкес Ұлттық Банк Қордың ресурстарын басқаруды жүзеге асырады. Келісімге сәйкес Ұлттық Банк бекітілген инвестициялық стратегия шенберінде Қор активтерін инвестиациялау, бағалы қағаздарды және қайталама қаржы құралдарын сатып алу немесе сату туралы шешімдер кабылдайды.

Ұлттық Банк қызметтер көрсету кезінде Қорға кірістердің түсінен немесе Қордың инвестициялық стратегиясына және Шартка сәйкес жасалған операциялар бойынша шығындардың болмауына кепілдік бермейді. Ұлттық Банк Қор активтерін инвестиациялауға байланысты, оның ішінде міндеттемелерді орындау немесе үшінші тұлғаларды таратумен байланысты шығындар мен алынбаған кірістер үшін жауп бермейді.

Қор бухгалтерлік есепті жүргізеді және қаржылық есептілікті өз қаражаты мен Қордың активтері бойынша бөлек ұсынады.

### **3.11 ТМККК**

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес Қорға ТМККК камтамасыз ету бойынша денсаулық сактау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шенберінде трансфертер бөлінеді. Бұл қаражат казынашылық бакылау шотына орналастырылады. Бұл трансфертердің белгілі бір максаты бар. Қаржы жылы ішінде пайдаланылмаган (толық пайдаланылмаган) өткен қаржы жылында бөлінген ТМККК шенберінде қызметтер көрсетуге акы төлеуге арналған трансфертердің сомалары қордың міндеттемелерін өтегеннен кейін республикалық бюджетке кайтарылуға жатады, бірақ өткен жылы ағымдағы қаржы жылының 1 наурызынан кешіктірмей. Қор бухгалтерлік есепті жүргізеді және қаржылық есептілікті өз қаражаты мен ӘҚҚБ-ға бөлінген аударымдардың қаражаты бойынша бөлек ұсынады.

### **3.12 Жалакы төлеу бойынша шығындар, әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар және МӘМС-ке аударымдар**

Еңбекакы, әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар мен міндетті әлеуметтік медициналық сактандыруға (МӘМС) аударымдар, жыл сайынғы акы төленетін демалыстар, ауруханалық және сыйлыққақылар Қор қызметкерлері тиісті қызмет көрсеткен жылы үшін есептеледі.

Әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдардың жиынтық сомасы Қор қызметкерлерінің салық салынатын кірісінің 9,5% құрайды.

Қор міндетті әлеуметтік медициналық сактандыруға (МӘМС) аударымдарды қызметкерлердің салық салынатын кірістерінің 2% ставкасы бойынша жүзеге асырады.

Қор бірыңғай жинақтаушы зейнетакы корына (БЖЗК) міндетті зейнетакы жарналары ретінде қызметкерлердің жалакысының 10% ұстайды. Заннамага сәйкес міндетті зейнетакы жарналары - бұл қызметкерлердің міндеттемелері, ал Қор қызметкерлерге зейнеткерлікке шыққаннан кейін төлеу бойынша ағымдағы және болашактағы міндеттемелерін қарастырмайды.



### 3.13 Табыс салығы

#### *Ағымдағы корпоративтік табыс салығы*

Ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша салықтық активтер мен міндеттемелер салық органдарынан өтеуге немесе салық органдарына төлеуге болжанатын сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық ставкалары мен салық заннамасы - бұл Қор өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын табыс алатын елдерде есепті күні қабылданған немесе іс жүзінде қабылданған ставкалар мен заннама.

#### *Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы*

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы есеп беру күніне активтер мен міндеттемелердің салықтық базасы мен қаржылық есеп беру максаттары үшін әділ күны арасындағы уакытша айырмашылықты анықтау арқылы міндеттеме әдісін колдана отырып есептеледі.

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер барлық салық салынатын уакытша айырмашылыктар үшін танылады. Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер барлық шегерілетін уакытша айырмалар, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша танылады, оған карсы шегерілетін уакытша айырмалар, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайда болатын елеулі ықтималдығы бар дәрежеде танылады.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері кордың уакытша айырманы калпына келтіру мерзімдерін бакылау мүмкіндігі болған және осы айырманың таяу болашакта калпына келтірілмейтіндігінің жоғары ықтималдығы бар жағдайларды қоспағанда, еншілес кәсіпорындарға, қауымдастан кәсіпорындарға жататын салық салынатын уакытша айырмаларды, сондай-ақ бірлескен қызметті есекере отырып көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтердің ағымдағы күны әрбір есепті күнге кайта қаралады және кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын пайдаға кол жеткізу екіталаі деп бағаланатын дәрежеде төмендетіледі. Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша танылмаған активтер әрбір есепті күнге кайта қаралады және болашак салық салынатын пайда кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтерді пайдалануға мүмкіндік беретіндігінің елеулі ықтималдығы пайда болатын дәрежеде танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері есепті күнге заннамамен бекітілген немесе іс жүзінде бекітілген салық салу мөлшерлемелерін (сондай-ақ салық заннамасының ережелерін) пайдалана отырып есептеледі және болжам бойынша салық активін өткізу немесе міндеттемені өтеу кезеңінде қолданылатын болады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері, егер ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерін есепке алудың занды түрде бекітілген құқығы болса және кейінге қалдырылған салықтар сол салық төлеуші компанияға және салық органдынан катасты болса, бір-біріне карсы есептеледі.

Ағымдағы және кейінге қалдырылған салық, егер салық пайдадан немесе шығындардан тыс деп танылған баптарға катасты болса, пайдадан немесе шығындардан тыс деп танылуға жатады. Тиісінше, танылған баптарға катасты ағымдағы және кейінге қалдырылған салық:

- а) Өзге жиынтық табыста басқа жиынтық табыста тануға жатады;
- б) тікелей меншікті капиталда тануға жатады.

### 3.14 Резервтер

Егер Кордың бұрын болған оқиғаның истихесінде туындалған ағымдағы міндеттемесі (зангерлік немесе тәжірибелен туындастыны) болса, осы міндеттемені өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайданың әкетілуі ықтимал болып табылса және мұндай міндеттеме сомасының сенімді бағасы алынуы мүмкін болғанда, резервтер мойындалады.

Есепте көрсетілетін алдағы шығыстар резервінің шамасы осы міндеттемелерге тән тәуекелдер мен белгісіздіктерді есекере отырып, есепті күнге белгіленген міндеттемелерді өтеу үшін қажетті соманың ең жақсы бағасын білдіреді. Егер алдағы шығыстар резервінің шамасы міндеттемелерді өтеу бойынша болжамды ақша ағындарының негізінде есептелетін болса, онда алдағы шығыстар резерві осындаі ақша ағындарының дисконтталған күны ретінде айқындалады (егер ақша күнненің уакыт бойынша әсері елеулі болып табылса).

Егер міндеттемелерді өтеу үшін қажетті төлемдерді үшінші тарап ішінәра немесе толық өтейтіні күтілсе, тиісті дебиторлық берешек өтеу алынатынына және осы дебиторлық берешек сомасын сенімді бағалау үшін мүмкіндік бар екендігіне толық сенімді болған жағдайда актив ретінде көрсетіледі.



### 3.15 Табыс

Кор сатып алушыларга уәде етілген жұмыстарды, қызметтерді немесе тауарларды беруді кор оның күтулері бойынша көрсетілген жұмыстарға, қызметтерге немесе тауарларға айырбастауга құқығы бар өтөу сомасында көрсету үшін пайданы таниды.

Кор түсімді тану кезінде ХҚЕС (IFRS) 15 талаптарына сәйкес бес қадамды орындауды көздейтін модельді колданады:

- Сатып алушымен шартты сәйкестендіру;
- Шарт шенберінде орындау міндеттерін сәйкестендіру;
- Мәміле бағасын анықтау;
- Келісім-шарт шенберінде орындау міндеттеріне мәміле бағасын бөлу;
- Келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде (немесе мүмкін болған кезде) кірісті тану.

Кордың қызметі «ТМКК» және «МӘМС» жүйелерін әкімшілендіру бойынша қызметтер көрсетумен байланысты. Кордың «ТМКК» және «МӘМС» жүйелерін әкімшілендіру барысында алған және пайдаланылған қаржаты Қордың қаржылық есептілігінен бөлек есепке алынады.

Сатып алушылармен жасалған келісім-шарттардан түсітін кірістер қызметтерге бакылауды сатып алушыға өткізген кезде танылады және Кор жұмыстар мен қызметтерге айырбастау құқығын алады күтетін етемакыны көрсетеді.

Кор жұмыстарды орындау жөніндегі міндеттерді орындау дәрежесін бағалау үшін ресурстар әдісін пайдалана отырып, кезең ішінде орындалған жұмыстарға катысты түсімді таниды, өйткені сатып алушы Кор ұсынатын пайданы бір мезгілде алады және тұтынады.

#### Комиссиялық сыйакы

Комиссиялық сыйакы түріндегі табысты Кор ай сайын таниды және міндетті әлеуметтік медициналық сактандыру бойынша алынған аударымдардың жалпы сомасын, міндетті әлеуметтік медициналық сактандыру бойынша аударымдарды уактылы аудармағаны үшін өсімпұлды, бір айдағы инвестициялық табысты және міндетті әлеуметтік медициналық сактандыру бойынша артық есептелген (төленген) аударымдардың кайтарылуын және Қорға өзге де түсімдерді шегере отырып, Үкімет жыл сайын белгілейтін шекті ставкаға кебейту әдісімен есептеледі.

Кордың өз калауы бойынша мөлшерлемені шекті мөлшерден аз колдануға құқығы бар.

2022 жылы ҚР Үкіметі белгілеген шекті мөлшерлеме 0,99% - дан аспады. Қараша айынан бастап 2022 жылдың сонына дейін комиссияның накты мөлшерлемесі 0,67%-ға дейін төмендетілді.

2021 жылы қантардан маусымға дейін ҚР Үкіметі белгілеген шекті мөлшерлеме 17% артық емес құрады. Қараша айынан бастап 2022 жылдың сонына дейін комиссияның накты мөлшерлемесі 0,67%-ға дейін төмендетілді.

#### Мемлекеттік тапсырманы орындауга алынған қаражат

Қорға жүктелген функцияларды орындау аясында Кор ақысыз негізде «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» мемлекеттік тапсырмасын орындау бойынша қызметтерді ұсынады.

Мемлекеттік тапсырманы орындау үшін алынған қаражат түріндегі кіріс белгілі бір уақытта танылады.

Кордың қызметтер көрсетуге арналған шарттарында қаржыландырудың едәуір құрамdas бөлігі жок, өйткені орындауга міндетті орындау сәті мен төлеу сәтінің арасындағы елеулі уақыт айырмашылығы жок, сондай-ақ акша қаражатымен дереу төлем жасалған жағдайда мәміле бағасы мен осындағы қызметтер бағасы арасындағы айырма жок.

### 3.16 Шығындар

Шығындар пайда болған кезде, акшалай қаражаттың немесе оның баламаларының қашан төленгендегі карамастан есепке алынады және олар есептеу кезеңінде олар катысты болатын кезеңдегі қаржылық есептілікте көрсетіледі.

#### Комиссиялық шығындар

Шартка сәйкес Ұлттық Банк кастодиандардың, депозитарийлердің, сауда-саттыкты ұйымдастырушылардың қызметтеріне ақы төлеуді, төлемдерді жүргізу жөніндегі шығыстарды, сондай-ақ сенімгерлік басқару кезінде туындауды мүмкін басқа да шығыстарды қамтитын сенімгерлік басқару жөніндегі қызметтермен қамтамасыз ету үшін жауапты болады. Комиссиялық сыйакының мөлшері Ұлттық Банктің колданыстағы тарифтік



## **«ЭЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ» КЕАҚ**

**2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер (мын тенге).**

